АҚПАРАТ АГЕНТТІГІ

SARAPSHY.INFO
САРАПТАМА ЖӘНЕ ТАЛДАУ

ИНФОРМАЦИОННОЕ АГЕНТСТВО

ҚР Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінің №KZ30VPY00040617 куәлігі берілген
тел.: 8-705-177-80-70, e-mail: sarapshy.info@gmail.com

шығыс №207
26.10.2026

Шығыс Қазақстан облысының
аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы
Бичуинов Кинугул Қашкенұлына

Құрметті Кинугул Қашкенұлы!

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы 28-бабының 3-тармағына сәйкес, **Sarapshy.info сараптамалық ақпарат агенттігі** сайлау алдындағы үгіт материалдарын орналастыру ақысының мөлшері мен шарттары туралы ақпараттық хабарламаны қоса жолдайды.

Ақпараттық хабарлама мәслихаттар депутаттарының 29 қарашада өтетін сайлауына байланысты дайындалды және талапқа сай сайлау алдындағы үгіт басталғанға дейін кемінде бес күн бұрын, дәлірек айтсақ 2026 жылғы 24 қазан күні сайтқа жарияланды. Сілтеме: https://sarapshy.info/zharnama/aqparattyq-habarlama/

Қосымша жалғанды: ақпараттық хабарлама, 5 (бес) парақ.

Құрметпен,
Sarapshy.info ақпарат агенттігінің бас редакторы **Н.Рахманов**

№0000207

Ақпараттық хабарлама

2026 жылғы 29 қарашада өтетін Қазақстан Республикасы мәслихаттарының депутаттығына кандидаттардың партиялық тізімдерін ұсынған саяси партиялардың үгіт материалдарын орналастыру үшін «Медиа білім» қоғамдық қорының SARAPSHY.INFO сайтында және әлеуметтік желілердегі парақшаларында интернет-алаңдар ұсынуының жалпы шарттары.

SARAPSHY.INFO сайтының (бұдан әрі – Сайт) (ҚР Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінің №KZ30VPY00040617 куәлігі) меншік иесі «Медиа білім» қоғамдық қоры «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 28.09.1995 жылғы Конституциялық заңына сәйкес, 2026 жылғы 29 қарашада өтетін кезектен тыс сайлауға қатысатын Қазақстан Республикасы мәслихаттарының депутаттығына кандидаттарды (бұдан әрі – Кандидат) Сайтта және әлеуметтік желілердегі парақшаларда сайлау алдындағы үгіт материалдарын (бұдан әрі – үгіт материалдары) орналастыру үшін интернет-алаңдар ұсыну тәртібі, шарттары және төлем мөлшері туралы хабардар етеді.

Редакция туралы қысқаша

SARAPSHY.INFO – 2021 жылы қазан айында құрылған, сараптама мен шолу бағытын ұстанатын қазақстандық ақпарат агенттігі. Агенттікті вебсайт, Instagram, Facebook, TikTok парақшалары, Telegram арнасы және YouTube арнасы құрайды. Ақпарат 100% қазақ тілінде таратылады. Редакция Орал қаласында орналасқан.

Үгіт жүргізу мерзімі

Сайлау алдындағы үгіт Қазақстан Республикасы мәслихаттарының депутаттығына кандидаттарды тіркеу мерзімі аяқталған сәттен басталып, сайлау күнінің алдындағы күні жергілікті уақыт бойынша сағат 00:00-де аяқталады. Осылайша үгіт материалдарын Сайтта және әлеуметтік желілердегі парақшаларда орналастыру 2026 жылғы «01» қараша сағат 18:00-ден кейін басталып, 2026 жылғы «28» қараша сағат 00:00-ге дейін жүзеге асырылады.

Өтініш беру тәртібі

Үгіт материалдарының саны мен орналастыру мерзімі Кандидаттың немесе оның уәкілетті өкілінің жазбаша өтінішінде көрсетіліп, кейіннен келісімшартпен бекітіледі.

Өтініш Кандидаттардың өтініштерін тіркеу журналында кезектілік ретімен әрбір жазбаша өтінішке реттік нөмірі мен өтінімнің қабылданған күнін белгілеу арқылы тіркеледі.

Жазбаша өтінішке мынадай құжаттар қоса берілуге тиіс:

1. Партиялық тізімнің ұсынылғанын растайтын құжат көшірмесі.
2. Саяси партияның уәкілетті өкілінің өкілеттігін растайтын құжаттың көшірмесі.
3. Жоспарланған алаң көлемі мен үгіт материалдарының түрі көрсетілген жазбаша өтініштің мазмұны.
4. Үгіт материалының қағаз жеткізгіштегі (ұсынылған әрбір парақта уәкілетті өкілдің қолы қойылған) және электронды түрдегі мәтіні.
5. Саяси партияның уәкілетті өкілінің немесе бір мандатты сайлау округі бойынша тіркелген мәслихат депутатығына кандидаттың жеке куәлігінің көшірмесі.

Кандидаттардың үгіт материалдарын орналастыру кезектілігі жазбаша өтініштердің келіп түсу тәртібімен, ал өтініштер бір мезгілде келіп түскен жағдайда жеребе бойынша белгіленеді.

Үгіт материалдары орналастыру күніне дейін 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірілмей ұсынылады. Алдын ала броньдау да бір жұмыс күні бұрын жасалуы керек.

Материалдарға қойылатын талаптар

Баннерлік жарнама (Сайттағы орындары мен өлшемдері)

- №1 баннер – 1240 × 125 px;
- №2 баннер – 300 × 600 px;
- №3 баннер – 870 × 225 px;
- №4 баннер – 970 × 250 px.

PR мақала

Материал Times New Roman, 14 өлшем, 1,5 жоларалық интервалмен дайындалады (бір бетте шамамен 2000–2500 символ). Мәтін көлемі 3 мың символға дейін және 2 фотосуретке дейін болса – стандартты көлем; 3 мың символдан асатын, 3 фотосуреттен көп материал – кеңейтілген көлем болып саналады.

Хабарландыру – 200 символға дейін.

Бейнеролик және әлеуметтік желілерге (Instagram, Facebook, TikTok) орналастырылатын материалдар – редакциямен алдын ала келісіледі.

Үгіт материалдарында қаржыландыру көздері туралы көрнекі ақпарат және ақпаратты берген тұлғаның тегі көрсетілуге тиіс. Әлеуметтік желілердегі жазбаларда «PR құқында» немесе «Үгіт материалы» белгісі міндетті түрде қойылуы керек.

Редакция мақаланың тақырыбына, лидіне немесе мәтініне стильдік және редакциялық түзетулер енгізу құқығын өзінде сақтайды.

Үгіт материалдарын орналастыру бағасы

Қызмет түрі	Шарттары	Бағасы (теңге)
PR мақала	3 мың символдан көп емес, 2 фотодан аспайтын материал	90 000
PR мақала	3 мың символдан асатын, 3 фотодан көп материал	180 000
Хабарландыру	200 символға дейін	25 000
Бейнеролик орналастыру	–	100 000
Instagram, Facebook, TikTok желілеріне орналастыру	–	50 000
Студияда подкаст түсіру	Тақырыбы редакция саясатына қарсы болмаған жағдайда	180 000

Баннерлік жарнама (әр 15 күн үшін):

Баннер	Өлшемі	Бағасы (теңге)
№1 баннер	1240 × 125 px	30 000
№2 баннер	300 × 600 px	20 000
№3 баннер	870 × 225 px	10 000
№4 баннер	970 × 250 px	15 000

Барлық Кандидаттарға орналастыру шарттары мен баға теңдей қолданылады.

Орналастырудан бас тарту негіздері

Сайт иесі үгіт материалдарында конституциялық құрылымды күштеп өзгертуді, республиканың тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, таптық және рулық араздықты қоздыруды, қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа табынуды, заңда көзделмеген әскери құрылымдар құруды көздейтін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы мәслихаттарының депутаттығына басқа кандидаттардың арнамысына, қадір-қасиетіне немесе іскерлік беделіне нұқсан келтіруі мүмкін мәліметтер болған жағдайда оларды орналастырудан бас тартуға құқылы. Кандидат Сайт иесінің талабы бойынша материалдарда кездесетін жоғарыда аталған сипаттағы ақпаратты растайтын құжаттарды ұсынуға міндетті.

Сонымен қатар Сайтта дезинформация, пропаганда, адамдарды алдауға немесе манипуляциялауға бағытталған, заңдылығы, этикасы және аудиторияға сәйкестігі тексеруден өтпеген материалдар орналастырылмайды.

Үгіт материалдарын ұсынған Кандидаттарға олардың мазмұнының Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес болуы тұрғысынан жеке жауапкершілік жүктеледі. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Сайттың ақпараттық-талдау материалдарына арналған редакциялық саясаты жарнама саясатынан дербес.

Төлем тәртібі

Жасалған келісімшартқа сәйкес, үгіт материалдарын орналастыру үшін төлем Сайт иесі ұсынған төлем шоты негізінде, [шот ұсынылған күннен бастап 1 жұмыс күні] ішінде жүзеге асырылады.

Өтініштерді қабылдау және байланыс

Жазбаша өтініштерді меншік иесі **2026 жылғы «27» қазаннан бастап (демалыс пен мереке күндерін қоспағанда), сағат 10:00-ден 19:00**-ге дейін мына мекенжай бойынша қабылдайды: Орал қаласы, Гагарин көшесі, 5/4, 16-офис.

Жазбаша өтініштер факсимиле түрінде және интернет-байланыс арқылы қабылданбайды.

Сұрақтар мен ұсыныстар бойынша:

- E-mail: sarapshy.info@gmail.com
- Телефон / WhatsApp: +7 705 177 80 70
- Сайт: https://sarapshy.info

Осы ақпараттық хабарламада көрсетілген интернет-алаңдарын ұсыну шарттары мен тәртібіне Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарының талаптарына сәйкес түзетулер енгізілуі мүмкін.

«Медиа білім» қоғамдық қоры

директор Н.Н.Рахманов